

**Мазина Айнур Курметовнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі: тиімділік тұжырымдамасы, іске асыру қағидаттары және шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа  
Аңдатпа**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Ауыл шаруашылығы елдің азық-түлік қауіпсіздігінде маңызды рөл атқарады, халық шаруашылығының әртүрлі салаларына шикізат береді, ауыл шаруашылығы халыққа көп жұмыс берушілердің бірі болып табылады, әсіресе ауылдық жерлерде ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты елдің сауда балансының өсуіне ықпал етеді. Сонымен, ауыл шаруашылығы елдің экономикалық дамуына ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы отын-энергетикалық ресурстарды көп тұтынады. Ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнында отын-энергетикалық ресурстарға жұмсалатын шығындар үлесі артып келеді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру әдістерін, жаңартылатын энергия көздерін қолдану ауыл шаруашылығы өндірушілеріне отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға көмектеседі. Күн, биомасса, жел және геотермалдық энергия көздері, жаңартылатын энергия көздері аграрлық салада көп пайдаланылады. Ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі энергия көзінің экологиялық таза баламасы буланатын газдың шығуын азайту, энергия тиімділігін арттыру және тұрақты ауылшаруашылық өндірісін дамыту сияқты айтарлықтай артықшылықтар береді.

Жаңартылатын энергия көздерін аграрлық секторға біріктіру экологиялық ауыл шаруашылығы принциптерін қолдай отырып, энергияны пайдалану тиімділігін арттыруға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және неғұрлым қолайлы экологиялық жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды тиімді пайдалану энергия тұтыну тиімділігіне әсер ететін факторларды қарастыратын кешенді шешімді талап етеді.

Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды тиімді пайдалану үшін экономиканың ерекшелігін және ауыл шаруашылығы саласының жағдайын ескеретін кешенді шешім қажет болады.

Энергия үнемдеу технологияларын қолданудан басқа, Қазақстан Республикасында энергия желісінің қатты тозуына байланысты электр желілеріне жүктемені азайту проблемасы өзекті болып отыр. Бұл әсіресе энергия желілерінің тозуымен сипатталатын ауылдық жерлерге қатысты.

Ауыл шаруашылығында энергетика азық-түлік өндірісіне қатысты проблеманы шешуде шешуші рөл атқарады. Азық-түлік өндірісінің біршама

кезеңдері энергияны көп қажет етеді, соның ішінде суару жұмыстары, егін егу, арамшөпті жою, ұрықтандыру, жемісті жинау және су бүрку, сондай-ақ өнімді тасымалдау, салқындату және кептіру, өнімді өңдеу сияқты әртүрлі ауылшаруашылық жұмыстарын орындау үшін ауылшаруашылық техникасын пайдалануға көп энергия жұмсалады.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі Қазақстан жағдайында жеткілікті түрде зерттелмеген. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының ерекшелігі мен проблемаларын, оның ресурстық базасының жай-күйін және қаржыландыру мәселелерін ескере отырып, проблеманы кешенді шешуге бағытталған энергия үнемдеудің осындай ұйымдастыру-экономикалық тетігін әзірлеудің қажеттігі бар.

**Мәселенің зерттелу және ғылыми даму дәрежесі.** Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктері мәселесі бойынша шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері болып табылады.

Осы бағытта жұмыс істеген шетелдік ғалымдар: Сяолинъ Яна, Baidya Roy, K.Srithar, W.Zdzisław, A.Demirbas, Үақооб Majeeda, V. Andreo, A.T. Balafoutis, А. Брагальо, Н. Х. Лэмпкин, М. Мюллер-Линденлауф, Дж. Шарифуддин, J. Paull, P.C. Struik, J. Pretty, S. Keesstra, Ястребов А.В., Мохова А.А., Зекин В.Н., Кузьмина Е.С. және басқалар.

Ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін зерттеу проблемасына қазақстандық ғалым-экономисттердің еңбектері арналады: Темірбекова Э.Т., Балапанова Э. С., Рахимова З. С., Раупова Н. М., Хакимзода Б. Х., Валиева М. К., Зинганшина Д. Н., Дияр С. К., Акпарова А. А., Тоқтабаев А. Р., Сембаева Г. Н., Нұрбекова Д. М. және т. б.

Шетелдік және отандық авторлардың белгілі бір ғылыми еңбектерінің болуына қарамастан, ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін дамыту проблемасын, әсіресе Қазақстан Республикасына қатысты жеткілікті түрде әзірленген деп санауға болмайды. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін дамыту проблемасын шешу кешенді болуға, ауыл шаруашылығы мен энергетиканы дамытудың ерекшелігін ескеруі тиіс, бұл өз кезегінде зерттеу тақырыбын таңдауды, мақсаты мен міндетін қоюды айқындады.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты** энергия үнемдеудің өзекті тәсілдерін және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін ескере отырып, энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігін жетілдіру болып табылады.

Мақсат келесі міндеттерді шешуді айқындап отыр:

- ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің заманауи бағыттарының ерекшеліктерін ашу;
- ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды тиімді пайдалануға әсер

ететін факторларды қарастыру;

- ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуді қамтамасыз етудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерінің шетелдік тәжірибесін зерттеу;

- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия ресурстарының қазіргі жай-күйі мен энергияны пайдаланылудың өзіне тән ерекшеліктерін талдау;

- уақыт қатарын модельдеу негізінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында ЖЭК электр энергиясын өндіру көлеміне әсер ететін факторларды дәлелдеу;

- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеу факторларын талдау;

- ҚР ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігінің қағидаттарын айқындау және оның тиімділігі тұжырымдамасын әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуді реттеудің экономикалық әдістерін ұсыну.

**Зерттеу объектісі** Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы болып табылады.

**Зерттеу пәні** ретінде ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуге бағытталған ұйымдастыру-экономикалық шешімдер жүйесін анықтады.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі** талдау және синтез, жүйелік тәсіл, салыстыру, аналогия, абстракциялау әдістері. Зерттеу барысында экономикалық, статистикалық және жүйелік талдаудың, математикалық модельдеудің құрылымдық-функционалдық әдістері қолданылды. Ауыл шаруашылығын энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктері саласындағы шетелдік және отандық экономисттер мен практиктердің жұмыстарына талдау жүргізілді. Жұмысты орындау барысында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, энергияны үнемдеу механизмінің құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық жақтарын көрсететін басқа да материалдар пайдаланылды.

Сонымен қатар зерттеу аясында электрондық ресурстар пайдаланылды.

**Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңашылдығы:**

- ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің заманауи бағыттары жүйеленді. Ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің авторлық анықтамасы берілді;

- халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды тиімді пайдалануға әсер ететін факторлардың классификациясы жасалды;

- ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуді қамтамасыз етудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерінің халықаралық тәжірибесі жинақталды. Ауыл шаруашылығындағы энергияны үнемдеудің заманауи ұйымдастыру-экономикалық тетігінің авторлық анықтамасы берілді;

- уақыт қатарын модельдеу негізінде Қазақстан Республикасының ауыл

шаруашылығында ЖЭК электр энергиясын өндіру көлеміне әсер ететін экономикалық факторлар дәлелденді;

– ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиялық тиімді аспектілері туралы барлық ақпаратты беретін кешенді ақпараттық ресурстарға негізделген ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тұжырымдамасы ұсынылды;

– шетелдік серіктестің қатысуымен энергиялық тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін іске асыру тетігі ұсынылды;

– электр желісін пайдалану уақытын және кернеуді теңестіру кестесі бойынша жабдықтың жұмысына жеңілдікті ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне электр энергиясын тұтыну тарифінің жүйесі ұсынылды.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

– ұйымдастырушылық және экономикалық іс-шаралар бағытталуы тиіс ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің замануи бағыттарын жүйелеу.

– ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігін құру кезінде ескерілуі тиіс ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды ұтымды пайдалануға әсер ететін факторлардың классификациясы.

– Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында өндірілген ЖЭК электр энергиясы көлемінің уақыт қатарының моделі, ол ауыл шаруашылығында өндірілген ЖЭК электр энергиясы көлемі және оған әсер ететін экономикалық факторлардың байланысын дәлелдейді.

– кешенді ақпараттық ресурсқа негізделген ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігінің тұжырымдамасы, ол энергиялық тиімді ауыл шаруашылық өндіріс аспектілері туралы ақпаратты көрсетеді.

– шетелдік серіктестердің қатысуымен энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін іске асырудың тетіктері.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы** ҚР ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеуге ұсынылған ұйымдастыру-экономикалық тетігі ол тәжірибелі шетелдік әріптестің қатысуымен субсидияланатын кредиттеріне, электр тарифін енгізуге негізделеді ол «электр желісін пайдалану уақытын» ескеретін энергия және кернеуді теңестірудің ұсынылған кестелері бойынша жабдықтың жұмысына жеңілдікті, салықтық реттеуді, өткізілген өнім үшін жергілікті бюджеттен энергиялық тиімді объектіні енгізуді субсидиялау арқылы, «ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің салалық орталығы» кешенді ақпараттық ресурсын құрудың қолданбалы сипатына ие, оны ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Индустриялық даму комитетінің қызметінде қолдануға болады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары энергияны үнемдеу саласындағы мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асыру барысында толық тәжірибелік қолданыс таба алады.

«Ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің салалық орталығы»

ресурсы арқылы ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуді дамытуды басқаруға әзірленген тетіктер мемлекет үшін басым бағыттарда ауыл шаруашылығының энергия тиімділігін дамытуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің қазіргі заманғы бағыттарын жүйелеу, ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды тиімді пайдалануға әсер ететін факторларды классификациялау, ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеуді қамтамасыз етудің ұйымдастыру-экономикалық тетігін жалпылау болып отыр. Ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеудің және ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің заманауи ұйымдастыру-экономикалық тетігінің авторлық анықтамасы берілген.

Ауыл шаруашылығында энергияны үнемдеу саласындағы ғылыми негізделген теориялық қорытындыларды оқу орындары мен ғылыми ұйымдар пайдалана алады.

**Зерттеу нәтижелерін жариялау.** Диссертация тақырыбы бойынша 10 (он) ғылыми еңбек, оның ішінде 3-і ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда, 6-і халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 3-і шетелдік конференция материалдарында және 1-і Scopus деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда жарияланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы» ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама формасында (Қарағанды, 2021), «Ресей Федерациясының экономикасын дамытудың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (Мәскеу, 2022), «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында ғылыми баяндама түрінде (Қарағанды, 2023), «Бизнестегі тиімділік» шетелдік конференция материалдарында (Гожув-Велкопольский, 2021) жарияланды.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның негізгі мәтіні 172 бетте жазылған.

**Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:**

1. Impact of green fiscal policy on investment efficiency of renewable energy enterprises in Kazakhstan // International Journal of Energy Economics and Policy. - 2022. - №12 (5). -P.491-497. Докторанттың қосқан үлесі – 51%.

2. Ауыл шаруашылығы электр энергиясының жай-күйін, өсімін молайту мен пайдаланылуын экономикалық бағалау // Қарағанды Университетінің Хабаршысы. Экономика сериясы. №2(106). – 2022. – Б. 276-290. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

3. Методические основы экономической оценки энергосберегательной оснащённости сельского хозяйства // Вестник

Карагандинского университета. Серия Экономика. №4(108). – 2022. – С. 198-208. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

4. Совершенствование организационно-экономического механизма энергосбережения в сельском хозяйстве // Вестник Карагандинского университета. Серия Экономика. - №4(112). – 2023. - С.193-203. Докторанттың қосқан үлесі – 50%.

5. Organizational and economic mechanism of energy saving in agriculture // New paradigms in the economy: connectivity, innovation and sustainability: collection of papers. – Bosnia and Hercegovina, 2024. –P.63-77. Докторанттың қосқан үлесі – 60%.

6. Modern directions of energy saving in agriculture // Theoretical and practical perspectives of modern science: IX international scientific conference.- Stockholm, 2024.-P.12-16. Докторанттың қосқан үлесі – 80%.

Қалған еңбектер докторантпен толығымен жеке жазылды.

Бірінші тарауда автор ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігінің теориялық мәселелерін зерттейді, ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің заманауи бағыттарын қарастырады. Автор ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің заманауи әлемдік техникалық және технологиялық бағыттарын жүйелейді, оларды енгізуге ұйымдастырушылық және экономикалық іс-шаралар көзделетін болады.

Автор әлемдік тәжірибе мен ауыл шаруашылығында энергия тиімділігін қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибеде әзірленген әдістері бар деген қорытындыға келеді. Сондықтан ауыл шаруашылығының энергия тиімділігін қамтамасыз ету жолының басында тұрған Қазақстан Республикасында әлемдік тәжірибені және бірінші бөлімде жүйеленген ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің техникалық және технологиялық бағыттарын ескеретін энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін құру қажет.

Ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің тиімді ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін құру үшін ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды ұтымды пайдалануға әсер ететін факторларды талдау қажет. Сондықтан автор келесі қадамда ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды ұтымды пайдалануға әсер ететін факторларды қарастырады.

Ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды ұтымды пайдалану энергия тұтынуды ұтымды пайдалануға әсер ететін анықталған факторларды ескеретін кешенді шешімді талап етеді: экономикалық фактор, құқықтық фактор, ұйымдастырушылық фактор, табиғи фактор, ғылыми фактор, техникалық-технологиялық фактор және әлеуметтік фактор. Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан Қазақстанның ауыл шаруашылығында энергия тұтынуды ұтымды пайдалану үшін экономиканың ерекшелігін, ауыл шаруашылығы саласының жай-күйін, ұйымдастыру жүйесін, техника мен технологияның жай-күйі мен деңгейін, нормативтік-құқықтық базаны, энергия тұтыну мәдениетін және энергия тұтыну технологияларының еңбек ресурстарын иелену деңгейін ескеретін кешенді шешім қажет болады.

Әрі қарай автор шет елдердің ауыл шаруашылығында энергия үнемдеуді қамтамасыз етудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктерін қарастырады.

"Ұйымдастыру-экономикалық тетік" жалпы ұғымынан "ауыл шаруашылығындағы ұйымдастыру-экономикалық тетік" және "ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі" деген анықтамалардың ерекшеліктеріне шолу жасалады.

Осы саладағы жетекші елдердің: Қытай, АҚШ, Германия, Жапония, Ресей және т. б. энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетіктері қарастырылуда.

Автор энергияны үнемдеудің заманауи ұйымдастырушылық тетіктері ақпараттық технологияларды қолдануға негізделгенін атап көрсетеді.

**Екінші тарауда** Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия ресурстарын пайдалануға талдау жүргізілді. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия ресурстарының қазіргі жай-күйі мен пайдаланылуының ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Автор 2018 жылдан 2022 жылға дейін ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2,05 есе өскенін атап өтті. Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі 2,31 есе, мал шаруашылығының жалпы өнімі 1,77 есе, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер 1,18 есе өсті. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) өсуінің мұндай үрдісі тиісті энергетикалық және отынмен қамтамасыз етуді талап етеді.

Автор Қазақстанның барлық салалары бойынша және ауыл шаруашылығында жалпы ЖЭК электр энергиясын өндіру динамикасын салыстырды

Тұтастай алғанда, Қазақстанның барлық салалары бойынша жел электр станцияларының, күн электр станцияларының және шағын гидроэлектрстанциялардың электр энергиясы өндірісін ұлғайтудың нақты динамикасы бар.

Ауыл шаруашылығында ЖЭК деректері бойынша электр энергиясын өндіруді ұлғайту динамикасы жоқ.

Осылайша, ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің қолданыстағы ұйымдастыру-экономикалық тетіктерінің тиімсіздігі туралы қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін құру және оның қызметі факторлары қаралды. Қазақстанның климаты үшін қолайлы энергия тиімді технологияларды қолдану маңызды мәселе болып табылады. Қазақстандық фермерлер үшін энергия тиімді ауыл шаруашылығын құру әлдеқайда күрделі және ынталандырулары аз. Құрудың негізгі факторларының бірі энергия тиімділігі жөніндегі үйлестірушінің болу факторы, ақпараттық фактор, сондай-ақ дәстүрлі шаруашылық жүргізу әдістерінің үйреншікті болуына байланысты психологиялық фактор болып табылады. Шет елдерде бұл факторларға қатысты проблемалар жоқ.

**Үшінші тарауда** автор Қазақстан Республикасында энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық аспектілері: техникалық, технологиялық, экономикалық, ұйымдастыру-құқықтық, мемлекеттік реттеу, кадрлық,

ғылыми, материалдық аспектілері бойынша ақпараттың болуы қажет деген қорытындыға келді.

Алайда, Қазақстан Республикасында мұндай ақпараттық ресурс жоқ. Энергияны үнемдейтін ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық аспектілері, оның әлеуеті мен артықшылықтары туралы ақпараттың болмауы ауыл шаруашылығында энергияны үнемдейтін технологияларды енгізудің негізгі тежегіштерінің бірі болып табылады.

Барлық қатысушы тараптардың хабардарлық деңгейін арттыруға және сол арқылы Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығының озық энергия тиімді технологияларына көшуді жеделдетуге мүмкіндік беретін энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық аспектілері туралы ақпарат беретін кешенді ақпараттық ресурс қажет.

Энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін құруға әсер ететін факторлар бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына жеткіліксіз көңіл бөлінетін әртүрлі ақпараттық ресурстары бойынша шашыраңқы.

Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерге, энергия үнемдейтін ауыл шаруашылығы саласындағы шетелдік инвесторға ақпараттық өрісті шарлау және факторлардың барлық қажетті компоненттерін табу қиынға соғады.

Ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі, ол энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу тәуелді болатын барлық тараптарды ескере отырып, мәселені кешенді түрде шешкен кезде тиімді болады. Ауыл шаруашылығында энергия үнемдеу мәселесін кешенді шешу энергия тиімді Ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық аспектілері туралы ақпарат беретін кешенді ақпараттық ресурстың көмегімен ғана мүмкін болады.

"Ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің салалық орталығын" мемлекет құратын болады. Бұл тәуелсіз ұйым болады.

Осылайша, ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігінің тұжырымдамасы энергия тиімді ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық аспектілері туралы ақпарат беретін, оны жүргізу тәуелді болатын барлық тараптарды білдіретін кешенді ақпараттық ресурсты қолдануға негізделетін болады.

Автор "электр желісін пайдалану уақыты" тарифі бойынша ұсыныстар берді. Электр желілерінің жағдайына "электр желісін пайдалану уақыты" көрсеткіші үлкен әсер етеді. Алайда, бұл көрсеткіш еш жерде ескерілмейді. Аймақтық электр желілерінің ағымдағы тозу деңгейі шамамен 65 % құрайды. Электр желісін пайдаланудың едәуір уақыты оның тозуы мен жоғалуына әкеледі.

Автор тариф бойынша ұсыныстар берді - кернеуді теңестірудің ұсынылған кестелері бойынша жабдықтың жұмысына жеңілдік. Тәулік пен жыл ішінде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жүктемесінің күшті диспропорцияларына байланысты арнайы техникалық қызмет ауыл шаруашылығы өндірушілерінің ЖЭК энергетикалық желісіне қосудың



ұсынылатын кестелерін бере алады. Ұсынылған кернеуді теңестіру кестелері бойынша өз жабдықтарын қосатын ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін (яғни, электр энергиясына сұраныс төмен сағаттарда) тарифке жеңілдік көзделетін болады.

Ауыл шаруашылығындағы энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі тиімділігінің тұжырымдамасы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін сақтай отырып немесе ұлғайта отырып, энергия ресурстарын барынша аз шығындармен пайдалануды оңтайландыруға бағытталған өзара байланысты ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар мен құралдар жүйесін білдіретін болады.

Ауыл шаруашылығында энергия үнемдеу ақпараттық орталығының қолданылуына байланысты ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі тиімділігінің тұжырымдамасы автор көрсеткен қағидаттарға негізделетін болады:

1. Ақпараттық қамтамасыз ету.
2. Оқыту.
3. Консалтинг.
4. Ауыл шаруашылығының энергия тиімді технологияларын енгізу.
5. Тұрақты даму. Ақпараттық орталықтың қызметі ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал етуі тиіс.
6. Қаржылық қамтамасыз ету.
7. Аналитикалық қызмет.
8. Әр түрлі ауылшаруашылық объектілерінен алынған деректерді бір жүйеге біріктіру, бұл энергияны тұтынуды орталықтан бақылауға және талдауға мүмкіндік береді.
9. Өзекті қажеттіліктер мен жағдайларға сәйкес энергия тұтынудағы және энергия ресурстарын басқаруды бейімдеудегі өзгерістерге жедел ден қою.

Жалпы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында энергия үнемдеудің ұсынылған ұйымдастыру-экономикалық тетігін іске асыру шарттары келтірілген:

1. Нормативтік-құқықтық база.
2. Қаржылық қолдау.
3. Басқару іс-шаралары.
4. Ақпараттық қолдау.
5. Инвестиция тарту.
6. Энергия үнемдеу саласында енгізілетін іс-шаралардың тиімділігін бақылай отырып, мониторинг жүргізу.
7. Ауыл шаруашылығына арналған энергия тиімді Ауыл шаруашылығы және энергия тиімді жабдық, жаңартылатын энергия көздері, автоматтандыру жүйелері саласында заманауи технологияларды енгізу.
8. Ғылыми әзірлемелер.

Диссертант



А.К. Мазина